

ӘОЖ 81:1; 81:1; 81-13; МҒТАР 16.01.07  
<https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.19>

**А. ИЛЕСБЕКОВ<sup>1</sup>\*, А. ЖАМАШЕВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің магистранты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kruzayan111@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0002-2527-3043>*

<sup>2</sup>*PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: azamat.jamashev@mail.ru  
<http://orcid.org/0000-0002-5330-9437>*

### **БӘДРУДДИН ӘЛ-АЙНИ МЕН ИБН ХАЖАР ӘЛ-АСҚАЛАНИДІҢ «САХИХ ӘЛ-БҰХАРИ» ЖИНАҒЫНА ЖАЗҒАН ТҮСІНДІРМЕ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЛАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Бәдруддин әл-Айни мен Хафиз Ибн Хажар әл-Асқаланидің өмірі мен ғылым жолына, шығармашылығы жайлы сөз қозғалады. Атап айтар болсақ, Бәдруддин әл-Айнидің өмірі, ғылым жолы, ұстаздары мен шәкірттері, жазған еңбектері баяндалады. Сол секілді Хафиз Ибн Хажар әл-Асқаланидің де өмірі, ғылым жолы, ұстаздары мен шәкірттері, жазған еңбектері жайлы айтылады. Бұлардан бөлек Бәдруддин әл-Айни мен Хафиз Ибн Хажар әл-Асқалани өмір сүрген елдегі діни-саяси және әлеуметтік жағдай да қарастырылады. Өйткені Бәдруддин әл-Айни мен Хафиз Ибн Хажар да бір дәуірде, бір елде және бір патша тұсында өмір сүрген. Сондықтан олардың өмір сүрген кезеңіндегі діни-саяси жағдай маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар аталған мақаланың негізгі бөлімінде Бәдруддин әл-Айнидің «Умдат әл-Қари» кітабы мен Хафиз Ибн Хажардың «Фатхул-Бәри» кітабы компаративистикалық тұрғыдан зерттеледі. Екі ғалымның бұл еңбектері өз кезегінде «Сахих әл-Бухари» жинағына түсіндірме ретінде жазылған. Атап айтар болсақ, зерттеу барысында Бәдруддин әл-Айнидің «Умдат әл-Қари» кітабы мен Хафиз Ибн Хажардың «Фатхул-Бәри» кітабы көлемдік, құрылымдық және методологиялық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде олардың арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктер айқындалады.

**Кілт сөздер:** хадис, шарх, фикһ, сахих, иснад, рауи, хафиз, фақиһ.

**A. Ilesbekov<sup>1</sup>, A. Zhamashev<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Master Student of Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kruzayan111@mail.ru*

<sup>2</sup>*PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: azamat.jamashev@mail.ru*

### **Comparative Analysis of the Interpretations of the Explanatory Works of Badruddin al-Aini and Ibn Hajar al-Asqalani to the Collection of «Sahih al-Bukhari»**

\* **Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Илесбеков А., Жамашев А. Бәдруддин әл-Айни мен ибн Хажар әл-Асқаланидің «Сахих әл-бұхари» жинағына жазған түсіндірме еңбектерінің салыстырмалы талдаулары // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2021. – №4 (122). – Б. 219–228. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.19>

\* **Cite us correctly:**

Ilesbekov A., Zhamashev A. Badruddin al-Aini men ibn Hajar al-Asqalanidin «Sahih al-buhari» zhinagyna zhazgan tusindirme enbekterinin salystyrmaly taldaulary [Comparative Analysis of the Explanatory Works of Badruddin al-Aini and Ibn Hajar al-Asqalani to the Collection of «Sahih al-Bukhari»] // *Iasau universitetinin habarshysy.* – 2021. – №4 (122). – B. 219–228. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.19>

**Abstract.** The article tells about the life and work of Badruddin al-Aini and Hafiz ibn Hajar al-Askalani. In particular, the life of Badruddin al-Aini, the path of science, teachers and students, and his works are described. The life, career, teachers and students and works of Hafiz Ibn Hajar al-Askalani are also mentioned. In addition, the religious, political and social situation in the country where Badruddin al-Aini and Hafiz ibn Hajar al-Askalani lived. Because Badruddin al-Aini and Hafiz ibn Hajar also lived in the same era, in the same country and under the same king. Therefore, the religious and political situation plays an important role in its time. In addition, the main part of the article is devoted to a comparative analysis between the book of Badruddin al-Aini “Umdat al-Qari” and the book of Hafiz ibn Hajar “Fathul-Bari”. These works of two scholars, in turn, were written as a commentary on the collection “Sahih al-Bukhari”. In particular, the study of the book of Badruddin al-Aini “Umdat al-Qari” and the book of Hafiz ibn Hajar “Fathul-Bari” are studied in terms of volume, structure and methodology. This study highlights the features and differences between the two books.

**Keywords:** khadith, sharh, fikh, sahih, isnad, raui, hafiz, fakih.

**А. Илесбеков<sup>1</sup>, А. Жамашев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: kruzayan111@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: azamat.jamashev@mail.ru

### **Сравнительный анализ толкований Бадруддина аль-Айни и Ибн Хажара аль-Аскалани к сборнику «Сахих аль-Бухари»**

**Аннотация.** В статье рассказывается о жизни и творчестве Бадруддина аль-Айни и Хафиза ибн Хаджара аль-Аскалани. В частности, описывается жизнь Бадруддина аль-Айни, путь науки, учителей и учеников, его произведения. Также упоминаются жизнь, карьера, учителя и ученики и труды Хафиза Ибн Хаджара аль-Аскалани. Кроме того, будет рассмотрена религиозная, политическая и социальная ситуация в стране, где проживали Бадруддин аль-Айни и Хафиз ибн Хаджар аль-Аскалани. Потому что Бадруддин аль-Айни и Хафиз ибн Хаджар также жили в одну эпоху, в одной стране и под одним и тем же царем. Поэтому религиозная и политическая ситуация в свое время играет важную роль. Кроме того, основная часть статьи посвящена сравнительному анализу между книги Бадруддина аль-Айни «Умдат аль-Кари» и книги Хафиза ибн Хаджара «Фатхул-Бари». Эти работы двух ученых, в свою очередь, были написаны как комментарий к сборнику «Сахих аль-Бухари». В частности, исследование книги Бадруддина аль-Айни «Умдат аль-Кари» и книги Хафиза ибн Хаджара «Фатхул-Бари» изучается с точки зрения объема, структуры и методологии. Данное исследование выявляет особенности и различия между этих двух книг.

**Ключевые слова:** хадис, шарх, фикх, сахих, иснад, рауи, хафиз, факих.

### **Кіріспе**

Бадруддин әл-Айни – ханафи мәзһабының көрнекті құқықтанушысы әрі хадисші саналады. Ғалымның толық есімі – Махмуд ибн Ахмад ибн Муса Бадруддин әл-Айни. әс-Сахауи мен Ибн Хажардың айтуынша, әл-Айни һижра жыл санағы бойынша 762 (1361) жылы рамазан айының он жетісі күні [1, 131-б.] ал Абу әл-Мухасиннің дерегінде рамазан айының жиырма алтысы күні дүниеге келген [2, 352-б.]. Оның алғашқы ұстазы әкесі және сол жердегі жергілікті ғалымдар болды. Ғалым олардан фикһ, араб тілі және басқа да ілімдерді үйренді. Атап айтар болсақ, әл-Айни 783 (1382) жылы Хәләб қаласына барып ондағы үлкен әрі танымал ғалымдардан дәріс алады. Ол аталған қалада көп тұрақтай

алмаған. Өйткені 784 (1383) жылы әкесі өмірден өтеді. Дәл сол жылы ғылыми әлеміне қайта бет алып, Бәһна, Қаттан және Малтия сынды елді-мекендердегі ғалымдардың дәрістеріне қатысады. 788 (1387) жылы қажылыққа барып, Хижаз аймағындағы қалаларда біршама уақыт тұрақтайды. Содан соң Құдыстағы Ақса мешітіне зиярат етіп барады. Сол жерде Шығыс өлкесінің үлкен ғалымы Әлауиддин әс-Сайрамидің ғылым мәжілістеріне қатысып, одан білім алып бастайды. Осы тұста Қазы Нуриддин ибн Хатиб әл-Жауһаридің сөзін келтіре кетейік. Ол әл-Айнидің ұстазы әс-Сайрамиді «Өз ғасырында білімде ғалымдардың төресі еді» деп сипаттаған [3, 18–19-бб.]. Әл-Айни мен ұстазы әс-Сайрамиді Кайр қаласының сұлтаны Заһир Барқуқ «Үлкен Барқуқ» медресесіне білім беру үшін Кайрға шақырады. әл-Айни сайрамдық ұстазымен бірге Кайр қаласына келіп, аталған медреседе ұстазына көмектесіп одан әрі білім алуын жалғастырады.

Ал енді Хафиз ибн Хажардың өмірі мен ғылым жолына тоқталар болсақ, ғалымның толық есімі – Шиһабуддин Әбу әл-Фадл Ахмад ибн Али ибн Мухаммад ибн Мухаммад ибн Али ибн Махмуд ибн Ахмад ибн Ахмад әл-Канани әл-Асқалани әл-Мысри (773–852), (1371–1449). Ол мухаддис (хадисші) әрі шафиғи мәзһабының өкілі болған. Ғалымның бірқатар лақаб есімдері бар, атап айтар болсақ, «Шейх әл-ислам», «Әмир әл-муминин» сынды есімдермен кеңінен танылған [4, 36-б.]. Ғалымның ата-бабалары негізі Асқалан қаласының тумасы. Ал Хафиз ибн Хажар әл-Асқалани болса хижра 773 (1371) жылы Мысырдың Фустат қаласында дүниеге келген. Ибн Хажар жастайынан әкесінен де, анасынан да айырылып, тұл жетім болып өскен. Әкесі хижра санағы бойынша 777 (1375) жылы ережеп айында өмірден өткен. Ал анасы болса, әкесінен біршама уақыт бұрын дүниеден озған [5, 62-б.]. Әкесі өлімінен алдын өзімен қарым-қатынасы жақсы болған Закиуддин әл-Харруби және Шамсуддин ибн әл-Қаттан деген екі кісіге ибн Хажарға қамқорлық жасауын өтініп, өсиет етіп кетеді [6, 117-б.]. Закиуддин әл-Харруби Мысырдағы саудагерлердің басшысы еді. Ал Шамсуддин ибн әл-Қаттан болса – шафиғи мәзһабы фақиһтарының бірі болатын. Өз кезегінде әл-Харруби ибн Хажарға тәрбие беріп, оқытуда еш аянбаған. Кейіннен қамқоршысы әл-Харруби хижра бойынша 784 (1382) жылы қажылыққа аттанған кезде, ибн Хажар да онымен ілесіп жолға шығады. Ол кезде оның жасы он екіде болған. Сол барғаннан бастап, 785 (1383) жылға дейін қамқоршысымен бірге Меккеде тұрақтап, сол жерде Шейх Афиф әд-Дин Абдулла ибн Мухаммад ибн Мухаммад ән-Нашаури әл-Мәккиден «Сахих әл-Бұхари» хадис жинағының көп бөлігін тыңдап үйренген. Өз кезегінде аталған ғалым ибн Хажарға ең алғаш хадис үйреткен кісі саналады. Кейіннен 787 (1385) жылы Закиуддин әл-Харруби өмірден өткен соң, ибн Хажар өзін марқұм әкесі өсиет етіп кеткен екінші кісі – Шамсуддин ибн әл-Қаттанға барады. Ол кезде ибн Хажардың жасы он төртте болған. Ал ибн әл-Қаттан болса, фақиһ әрі қырағаттар ілімінің ғалымы еді. Ибн Хажардың оның қол астында жүріп, фиқһты, араб тілі мен математиканы үйреніп, оған «әл-Хауи әс-Сағир» кітабын оқып тапсырады. Ғалым оған аталмыш кітаптан ижазасын (рұқсатнама) береді. Содан кейін аталған ғалым ибн Хажарға әдеттегідей негізгі және тармақты ғылымдарды, тілді үйретеді. Кейіннен 790 (1388) жылы ибн Хажардың жасы он жетіге толған кезде, Құранды тәжуид ережелеріне сай Шиһаб әл-Хайутиге тапсырады [7, 121–128-бб.]. Ибн Хажар дәріс беру ісіне де ерекше ден қойған. Оның аталған іске жауапкершілігі соншалықты, қазылық пен пәтуа ісінде жүрген кездерінде де, оны дәріс беруден ешнәрсе шалғыта алмаған. Сондықтан ғалым ислам әлеміндегі ең атақты деген медреселерде дәріс берген. Олар: әш-Шайхуния, әл-Махмудия, әл-Хасания, әл-Бибарсия, әл-Фахрия, әс-Салахия, әл-Муайидия, Мадрасат Жамалуддин. Хафиз ибн Хажар 852 (1449) жылы зулқағда айында дертке шалдығып, аталған дертінің асқинуы салдарынан зулхиджа айының жиырма сегізі күні құптан намазынан кейін жан тапсырған.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында герменевтикалық, компаративистикалық, салыстырмалы, индукция және дедукция, талдау, түйіндеу әдістері қолданылды. Аталған әдістер кешені арқылы зерттеу жұмысы нақты әрі құнды нәтижеге қол жеткізді.

### **Талдау мен нәтижелер**

Мысыр елі мәмлүктер кезеңінде діни тұрақтылықпен қатар, исламның дамуының куәсі болды. Сол замандағы мұсылмандар көсемі Салахуддин ал-Айюби шииттік бағыттағы Убайди мемлекетін құлатқан болатын. Дегенмен, шиизмнің қалдықтары қалды. Олардың әсері белгілі бір деңгейде мәмлүк дәуірінің соңына дейін дерлік жалғасты. Алайда мәмлүк сұлтандары бұл бұрмаланған убайди ағымының әсерін жоюдың айқын саясатын ұстанды. Тіпті, Бейбарыс сұлтан сунниттік төрт мазһабтан басқа кез келген мазһабқа тыйым салды. Осылайша, ол сунниттердің бір мазһабының ізбасары болмаса, қазылыққа, құтбаға, пәтуаға немесе ұстаздыққа жол берілмейтін. Сол дәуірдің ерекшеліктерінің бірі – діни мекемелердің көптігі және мешіт салуға деген құштарлық болды. Оның көрінісі Мысыр мен Кайрде болды. Өйткені онда мешіттер саны мыңнан асып түседі. Азын айтпағанда көп сұлтандардың мәртебесі мен құрметі осындай ізгі істерінің арқасы еді. Ол кездегі мешіттің тыныс-тіршілігі ислам қалағанындай болатын. Яғни сол кездегі мешіттер тек қана ғибадат үшін емес, үлкен білім ошақтарына айналған, қазіргі тілмен айтқанда оқу орындары іспеттес болды [8, 20-б.].

Хафиз ибн Хажар өз кезегінде бүкіл ислам әлеміне, әсіресе, Орта Азия мұсылмандарына ерекше танымал ғалым саналады. Ғалым шафиғи мазһабының өкілі болғанына қарамастан, толықтай ханафи мазһабын ұстанатын Орта Азия мұсылмандарының арасында ерекше сый-құрметке ие. Өйткені ғалымның «Фатхул-Бәри» еңбегі Орта Азия мұсылмандары арасында жиі қолданылады әрі оқытылады. Ғалымның аталған еңбегі әл-Бұхаридің «Жамиғ әс-Сахих» хадис жинағына түсіндірме ретінде жазылған. Жалпы әл-Бұхаридің аталған хадис жинағына ислам ғалымдары тарапынан көптеген түсіндірмелер жазылған. Алайда солардың арасында Хафиз ибн Хажардың жазған түсіндірмесі ислам әлеміне, солардың қатарында Орта Азия мұсылмандары арасында өте кеңінен қолданысқа енген. Мәселен, ханафи мазһабының үлкен ғалымдарының бірі Бәдруддин әл-Айни де өз кезегінде әл-Бұхаридің «Жамиғ әс-Сахих» хадис жинағына «Умдат әл-Қари» атты түсіндірме еңбек жазған. Алайда салыстырмалы түрде Орта Азия ханафи мұсылмандары арасында Бәдруддин әл-Айнидің «Умдат әл-Қари» түсіндірме еңбегіне қарағанда Хафиз Ибн Хажардың «Фатхул-Бәри» түсіндірме еңбегі көбірек қолданылады. Алайда бұл Бәдруддин әл-Айнидің «Умдат әл-Қари» еңбегінің құндылығы мен маңызын кемітпейді. Ендеше бұл мәселед объективтілікті ұстанып, екі ғалымның «Сахих әл-Бұхари» хадис жинағына жазған түсіндірме еңбектерін көлемдік, құрылымдық және методологиялық тұрғыдан салыстыра отырып зерттеп көрелік.

Бәдруддин әл-Айни мен Ибн Хажар әл-Асқаланидің аталмыш еңбектерінің арасындағы өзара көлемдік тұрғыдағы айырмашылықтарына келсек, аталған бөлім аясындағы баптардың аз не көп болуына қатысты айырмашылықтар кездеспейді. Өйткені екі ғалым да өз кезегінде аталмыш жинаққа түсіндірме жазуда әл-Бұхаридің қойған баптарының саны мен реттіліктерін қатаң түрде сақтай отырған. Атап айтар болсақ, Бәдруддин әл-Айни де, Ибн Хажар әл-Асқалани де, түсіндірме барысында 42 бапты толықтай қамтыған. Алайда түсіндірме жазудың көлемі тұрғысынан екі ғалымның еңбектері арасындағы айырмашылықтың бар екендігі байқалады. Мәселен, Бәдруддин әл-Айни «Сахих әл-Бұхари» хадис жинағындағы «Китаб әл-Иман» бабы аясындағы түсіндірмесі 329 бетті қамтыса, Ибн Хажар әл-Асқаланидің аталған баб аясындағы түсіндірмесі өз кезегінде 122 бетті құрайды.

Бұл ретте келесідей айырмашылыққа да тоқталған жөн. Бәдруддин әл-Айни мен Ибн Хажардың Имам әл-Бұхаридың «Иман» кітабының 1-бабының тақырыбын жазған кезде, ол екеуінің жазғанында айырмашылық байқалады. Ибн Хажар аталған бапты өзінің еңбегінде

«Пайғамбардың (с.а.с.): «Ислам бес нәрсеге құрылды» деген сөзі бабы» деп жазса» [9, 64-б.], ал Бәдруддин әл-Айни аталған бапты «Иман және пайғамбардың (с.а.с.): «Ислам бес нәрсеге құрылды» деген сөзі бабы» деп жазған [10, 177-б.]. Қарап отырсақ, әл-Айни бап атауына «иман» сөзін қосса, ал Ибн Хажар бап атауына «иман» сөзін қоспағанын көреміз. Сондықтан аталған айырмашылықтың аясында келесідей құрылымдық айырмашылықтар көрініс табады. Мәселен, Ибн Хажар «Пайғамбардың (с.а.с.): «Ислам бес нәрсеге құрылды» деген сөзі бабы» деген мәтін сөздерінің түсіндірмесіне қысқаша ғана тоқталып, оларға 2 қатар түсіндірме жазумен шектелген. Ал Бәдруддин әл-Айни жоғарыда атап өткеніміздей «Иман және пайғамбардың (с.а.с.): «Ислам бес нәрсеге құрылды» деген сөзі бабы» деп аталатын тек тақырыптың өзіне 13 беттен тұратын кіріспе мазмұндағы түсіндірме жазған. Ендеше ғалымның 13 беттік түсіндірмесін құрылымдық тұрғыдан қарайтын болсақ, керемет реттілік пен жүйелілікті байқаймыз. Атап айтар болсақ, әл-Айни түсіндірмеде негізінен алғанда «иман» ұғымына тоқталып, оған қатысты көзқарастар мен ұстанымдарды 1) тілдік мағынасына қатысты, 2) шарифат ғұрпындағы мағынасына қатысты, 3) иман артады ма және кемиді ме? деген мәселеге қатысты, 4) ислам иманнан бөлек пе әлде екеуі бір ме? деген мәселеге қатысты, 5) иман жаратылған ба әлде олай емес пе? деген мәселеге қатысты, 6) мәши`әнің (қалаудың) иманмен бірігуіне қатысты, 7) иманға қатысты ғалымдардың біруыздан келіскен сөздеріне қатысты деп аталатын 7 түрге жіктеп қарастырған. Солардың ішінде екінші түрдегі «иманның шарифат ғұрпындағы мағынасына қатысты» ғалымдардың сөздерін 4 топ өкілдерінің сөздері ретінде бөліп қарастырған. Сонымен қатар аталған типтегі ғалымдардың ұстанған дәлел-дәйектерін 4 бөлікке бөліп қарастырған.

Ал енді құрылымдық тұрғыдан екі ғалымның еңбектеріндегі тағы бір айырмашылық пен ерекшелікке кеңінен тоқталуды жөн көрдік. Негізінде оны жоғарыда да қысқаша айтып өткен болатынбыз. Алайда Бәдруддин әл-Айни мен Ибн Хажар еңбектерінде аталмыш ұстанымдары мен тәсілдерін тұрақты түрде ұстанғандықтан, оған толығырақ тоқталуды қажет етеді. Оны құрылымдық және реттілік тұрғыдағы айырмашылық деп айтуға болады. Ол – бап тақырыбы мен оның ең алғашқы хадисіне жазылған шархтардың орналасу тәртібі мен құрылымының айырмашылығы. Яғни, Бәдруддин әл-Айни бап тақырыбы мен хадис мәтінін бірге жазып алмайды. Алдымен бап тақырыбына қатысты түсіндірме не болмаса кіріспе сөз не болмаса оның қамтитын мәселелерін жазып өтеді. Содан кейін ғана аталған баптың алғашқы хадисін жазып, содан соң хадистің түсіндірмесіне кіріседі. Ал Ибн Хажар әл-Асқалани болса, алдымен бап тақырыбы мен оның алғашқы хадисінің мәтінін бірге жазып, содан соң бап тақырыбына, кейін хадистің тізбектері мен мәтініне түсіндірмені жазады. Ендеше екі ғалымның еңбектеріндегі аталған айырмашылық мысалдар арқылы түсінікті болады.

Мәселен, Бәдруддин әл-Айни «Китаб әл-Иман» бөлімінің «Дұғаларың имандарың» деген тақырыптағы бабын жазған соң, аталған баптың алғашқы хадисін жазбастан бұрын әуелі бап тақырыбына кіріспе сөз немесе түсіндірмесін жазумен бастап келесідей жазған: «Яғни, Ибн Аббас Алла тағаланың «Оларға: «Егер дұға-мінәжаттарың болмаса, Раббым сендерді қалай бағаласын!» деген аятындағы «дұға» деген сөзден өз кезегінде «иман» мағынасы мақсат етілуде. Ендеше аталған аяттан «дұғаларың – имандарың» деген түсінік шығады. Сонымен қатар Ибн әл-Мунзир де оның сәнәдімен: «Дұғаларың болмаса деген сөз имандарың болмаса деген мағынаны білдіреді» деген сөзін келтірген. Ал Ибн Баттал аталған сөз тіркесінен имандарыңды арттыратын дұғаларың болмаса деген мағынаны түсінген...» деп әл-Айни аталған бап тақырыбына қатысты Құран аяттары мен оларға жасаған тәпсіршілердің тіпсірлерін талдай отырып, бап тақырыбына кеңінен түсіндірме жазған (Умдатул Қари, 200-бет).

Ал енді Ибн Хажарға келсек, жоғарыда айтып өткеніміздей ол бап тақырыбы мен оның алғашқы хадисінің арасын түсіндірмелермен ажыратпай, алдымен бап тақырыбы мен оның алғашқы хадисінің мәтінін бірге жазып алады. Содан кейін ғана рет бойынша бап

тақырыбына, сосын хадистің тізбектері мен мәтініне түсіндірме жасайды. Мәселен, ғалымның келесідей сөздерінен көреміз: «2-Дұғаларың имандарың» бабы. 8-Убайдулла ибн Муса Ханзала ибн Абу Суфианнан, ол Икрима ибн Халидтан, ол Ибн Омардан (р.а.) жеткізген хабарда Алла елшісі (с.а.с.) былай деді: «Ислам бес ұстынға құрылған: Алладан басқа тәңір жоқ, Мухаммад оның елшісі деген куәлікке, намаз орындауға, зекет беруге, қажылыққа, рамазан оразасына». (Дұғаларың имандарың) деген сөзіне келсек, ән-Нәуәуи былай дейді: «Жинақтың көптеген нұсқаларында бұл жерде «бап» деген сөз орын алған. Әрине, бұл өз кезегінде анық шатасу. Дұрысы ол сөзді алып тастау керек. Сондықтан мұнда «бап» сөзін кіргізу дұрыс болмайды. Өйткені оның бұл жерге еш қатысы жоқ» [9, 69-б.].

Зерттеу барысында аталған екі еңбек арасында методологиялық және стилистикалық тұрғыдан да айқын әрі анық айырмашылықтар мен ерекшеліктердің бар екендігіне көз жеткізуге болады. Екі еңбек арасындағы ең негізгі айырмашылық ретінде хадис түсіндірмелерінің құрылымы мен әдіснамасын атап өтуге болады. Атап айтар болсақ, Бәдруддин әл-Айни мен Ибн Хажардың «Дұғаларың имандарың» деген бапқа жасаған түсіндірмелерін алайық. Аталған бапта өз кезегінде «Убайдулла ибн Муса Ханзала ибн Абу Суфианнан, ол Икрима ибн Халидтан, ол Ибн Омардан (р.а.) жеткізген хабарда Алла елшісі (с.а.с.) былай деді: «Ислам бес ұстынға құрылған: Алладан басқа тәңір жоқ, Мухаммад оның елшісі деген куәлікке, намаз орындауға, зекет беруге, қажылыққа, рамазан оразасына» деген бір хадис ғана қамтылған. Ендеше екі ғалымның аталған бап аясындағы түсіндірмелері осы хадис аясында ғана өрбиді деген сөз. Мәселен, Бәдруддин әл-Айни аталған хадиске берген түсіндірмелерін «хадис тізбегіндегі кісілерді баяндау; хадис иснадының ғажайып тұстарын баяндау; хадистің орны мен оны келтіргендерді баяндау; хадистерді жекелеген сөздерді баяндау; хадистегі марфологиялық ережелерді баяндау; хадистегі сөздердің играбын баяндау; хадистегі баиан мен мағанилерді баяндау; үкімдердің истинбатын баяндау; сұрақтар мен жауаптар» [10, 204-б.] деген тақырыпшалар мен қырларға жіктеп түсіндірме жасаған.

Ал Ибн Хажар әл-Асқаланиге келсек, ол аталған хадиске берген түсіндірмелері хадис тізбегі, мәтін сөздер мен тіркестерге бөліп түсіндіруден, сонымен қатар ескертпелер және тағылымдар деп аталатын үш бөліктен тұрады [9, 70-б.]. Осы арада ескере кететін жайт, Ибн Хажардың түсіндірмесінде сөздер мен сөз тіркестеріне түсіндірме жасау, ескертпелер және тағылымдар деп аталатын үш тақырыпша ғана қамтылған, ал Бәдруддин әл-Айнидің түсіндірмесі жоғарыда аталғандай, тоғыз тақырыпшаны қамтыған. Бұған қарап Ибн Хажар Бәдруддин әл-Айнидің қарастырған мәселелерін түсіндірме барысында қарастырмаған деп айтуға болмайды. Өйткені Ибн Хажар жоғарыдағы әл-Айни қарастырған тақырыпшаларды тақырыптық және бөлімдік тұрғыдан жеке-жеке бөліп жазбаса да, сөздер мен тіркестердің түсіндірмелерінде, ескертпелер мен тағылым бөлімдерінде бәрін болмаса да бірқатарын мазмұндық тұрғыдан қамтып өткен.

Сонымен қатар осынау жіктеп түсіндірудің тағы бір қырынан алғанда екі ғалымның түсіндірмелері арасында келесідей айырмашылық байқалады. Атап айтар болсақ, Бәдруддин әл-Айни жоғарыдағы хадистің түсіндірмесін 9 тақырыпшаға бөліп қарастырған болса, ғалым кейінгі хадистердің түсіндірмесі барысында аталмыш әдісін сандық және типтік тұрғыдан тұрақты ұстанбайды. Яғни, ғалым келесі хадистің түсіндірмесі барысында алдыңғы хадисте қолданған 9 тақырыппен қатар тағы да жаңа әдістерді қосып қарастырып, алдыңғыға қарағанда көбірек тақырыптарды қарастыруы мүмкін не болмаса аз болуы мүмкін. Мәселен, Бәдруддин әл-Айни «Дұғаларың – имандарың» бабындағы хадистің түсіндірмесі барысында «Хадис тізбегіндегі кісілерді баяндау; хадис иснадының ғажайып тұстарын баяндау; хадистің орны мен оны келтіргендерді баяндау; хадистегі жекелеген сөздерді баяндау; хадистегі марфологиялық ережелерді баяндау; хадистегі сөздердің играбын баяндау; хадистегі баиан мен мағанилерді баяндау; үкімдердің истинбатын баяндау; сұрақтар мен жауаптар» сынды 9 тақырыпты қарастырған болса, келесі «Иман мәселелері» баптағы хадистің түсіндірмесі барысында «Хадис тізбегіндегі кісілерді баяндау; ныспыларды баяндау; хадис иснадының

ғажайып тұстарын баяндау; хадисті келтірген басқа да кісілерді баяндау; риуаяттардың әр алуандығын баяндау; хадистегі жекелеген сөздерді баяндау; хадистегі сөздердің играбын баяндау; хадистегі баиан мен мағанилерді баяндау; тағылымдардың истинбатын баяндау; сұрақтар мен жауаптар» сынды 10 тақырыпқа жіктеп қарастырған. Қарап отырсақ, ғалым «Дұғаларың – имандарың» бабындағы хадистің түсіндірмесі барысындағы қарастырған тақырыптар мен «Иман мәселелері» бабындағы хадистің түсіндірмесі барысындағы қарастырған тақырыптары арасында сандық тұрғыдан да, типтік тұрғыдан айырмашылық бар екендігі көрінеді. Сонымен қатар екі хадистің түсіндірмесі барысында тұрақты түрде қарастырылған ортақ тақырыптар бар. Олар: «Хадис тізбегіндегі кісілерді баяндау; хадис иснадының ғажайып тұстарын баяндау; хадисті келтірген басқа да кісілерді баяндау; хадистегі жекелеген сөздерді баяндау; хадистегі сөздердің играбын баяндау; хадистегі баиан мен мағанилерді баяндау; сұрақтар мен жауаптар». Ал «Дұғаларың – имандарың» бабында қарастырылған «Хадистегі марфологиялық ережелерді баяндау [10, 203-б.]; үкімдердің истинбатын баяндау [10, 204-б.]» атты 2 тақырып келесі «Иман мәселелері» бабындағы қарастырылмаған болса, сол секілді «Иман мәселелері» бабында қарастырылған «Ныспыларды баяндау [10, 210-б.]; риуаяттардың әр алуандығын баяндау [10, 211-б.]; тағылымдардың истинбатын баяндау [10, 214-б.]» атты 3 тақырып алдыңғы «Дұғаларың – имандарың» бабында қарастырылмаған.

Ал Ибн Хажар әл-Асқаланиге келсек, жоғарыда айтып өткеніміздей, ол хадистердің түсіндірмесі барысында көбінесе «Хадистегі сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмесі», «Тағылым» және «Ескертпелер» атты үш бөлікке бөліп қарастырады. Мәселен, «Дұғаларың – имандарың» деген бапты алып қарайтын болсақ, ғалым аталған баптағы хадистің түсіндірмесі барысында әуелі Имам әл-Бұхаридің «Дұғаларың – имандарың» деп қойған баптың тақырыбына түсіндірме беріп, содан кейін хадис тізбегіндегі Ханзала ибн Әби Суфиан мен Икрима ибн Халид сынды жеткізушілерге тоқталып, олардың хадис саласындағы дәрежесін баяндайды [9, 69-б.]. Яғни, ғалым осылайша хадис тізбегіндегі екі рауидың тегіне, ныспысына тоқталғандығын көреміз. Содан кейін хадис мәтініндегі «бес негізге» деген сөз тіркесіне тоқталып, оған түсіндірме жазады. Сонымен қатар Ибн Хажардың хадиске түсіндірме жазудағы тағы бір ерекшелігін атап өтуге болады. Ол – түсіндірме барысында кез-келген орында хадис мәтіні не болмаса хадис тізбегі аясында пайда болған тағылымды атап өту. Мәселен, Ибн Хажар кейде тағылымды хадис сөздері мен сөз тіркестерінің түсіндірмелері арасында баяндаса, кейде тағылымды ескертпелерден соң баяндап өтеді. Ибн Хажар аталған бапта екі орында екі тағылымды жазады. Ғалым екі тағылымда да адамдардың есімін тауып жазған. Ал хадис мәтінінен шығатын пайдалар, түйінді ойлар мен үкімдерді Ибн Хажар негізінен алғанда «Ескертпелер» тақырыпшасында баяндап өтеді.

Ибн Хажар әл-Асқаланидің де хадистердің түсіндірмесі барысындағы тағы бір ерекшелігі бар. Ол – хадис түсіндірмелерін үнемі тұрақты түрде «Хадистегі сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмесі», «Тағылым» және «Ескертпелер» атты үш бөлікке бөліп қарастырмауы. Мәселен, «Тамақтандыру – исламнан» атты баптағы хадистің түсіндірмесі барысында хадистегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерге басынан соңына дейін түсіндірме берумен аяқтап, түсіндірменің ең соңында ғана екі ескертпені атап өтеді [9, 79-б.]. Яғни ғалым Ибн Хажар аталған баптағы хадис түсіндірмесі аясында тағылымдар жазбаған. Сондай-ақ кейбір баптарда түсіндірменің басынан соңына дейін хадистегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіріп, ең соңын бір немесе екі тағылымды жазумен аяқтайды. Бұны өз кезегінде ғалымның «Өзі қалаған нәрсені бауырына да қалау – иманнан» атты баптағы хадистің түсіндірмесінен көруге болады. Ғалым жоғарыда айтып өткеніміздей, аталған бапта басынан соңына дейін хадистегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмелерін жазып, ең соңында бір ғана тағылыммен аяқтаған [9, 81-б.]. Яғни аталған бапты түсіндіру барысында ғалым ескертпелер жазбаған. Ал кейбір баптарда түсіндірменің басынан соңына

дейін хадистегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін түсіндірумен аяқтап, ол жерде ескертпелерді де, тағылымдарды да жазбайды. Ғалымның бұл әдісін өз кезегінде оның «Ансарларды сүю – иманның белгісі» атты баптағы хадиске жасаған түсіндірмесінен көреміз. Яғни, ғалым Ибн Хажар мұнда хадистегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің басынан соңына дейін түсіндірме жасаумен аяқтаған. Яғни, тағылымдар мен ескертпелержы жазбаған [9, 87-б.].

Сонымен қатар әл-Айни мен Ибн Хажардың түсіндірмелерінен бір баптың сипаттамысының алдыңғы баптың сипаттамасымен байланысын баяндау тұрғысынан да өзара айырмашылықтар байқалады. Өйткені аталған екі ғалым баптардың сипаттамаларының алдыңғы сипаттамалармен байланысын көрсетуде үлкен еңбек жасаған. Бұл мәселедегі екі ғалымның еңбектері арасында формалық тұрғыдан айырмашылық бар. Мәселен, Хафиз Ибн Хажар кейде баптардың сипаттамаларының өзара үйлесімділігі мен байланысын жалпылама бір орында ғана (мәселен, бөлімнің бас жағында) баяндап өтсе, ал әл-Айни болса, олай жасауды жеткіліксіз санап, әрбір баптардың арасындағы әрбір үйлесімділік пен байланысты өз орнында көрсетуді абзал деп санаған. Мысал келтірер болсақ, әл-Бұхаридің «Китаб әл-Иман» бөлімінде: «Күнәлар» бабы жаһилет дәуірінің мәселелерінен. Аллаға серік қосудан басқа күнә жасаған адамдар күпірлік жасаған саналмайды. Оған қатысты пайғамбар (с.а.с.): «Шындығында сен ішінде жаһилет қалдығы бар адам екенсің» десе, сондай-ақ Алла тағала Құранда: «Шындығында Алла өзіне серік қосқанды кешірмейді. Ал одан басқаларында қалаған пендесін кешіреді» деген. Бұл ретте әл-Бұхари осы баптың алдындағы бапқа «Күйеуінің жақсылығын мойындамау және үлкен күпірлікке жатпайтын кіші күпірлік» деп сипаттама беріп, осыған қатысты Ибн Аббастың Алла елшісінен (с.а.с.) жеткізген келесідей хадисін келтіреді: «Маған тозақ көрсетілді. Сонда ондағылардың көбісі күпірлік жасаған әйелдер болды» деген кезде, оған: «Сонда ол әйелдер Аллаға күпірлік еткен бе?» деп айтылды. Сонда пайғамбар: «Ол әйелдер күйеулерінің жасаған жақсылығын мойындамағандар...» деп жауап берген.

Хафиз ибн Хажар «Фатхул Бари» еңбегінде: «Мұндағы сипаттамадан шығатын түсінік – яғни әл-Бұхари «күнәлар» сөзіне «күпірлік» атауын берген кезде, ол сөзден жоққа шығару күпірлігі емес, керісінше, нығметті мойындамауды қалау деген ұғымның ауыспалы мағынасы ретінде қолданылады. Яғни, әл-Бұхари өз кезегінде хауариждерге қайшы түрде аталған істің діннен шығармайтын күпірлік екендігін баяндауды қалаған. Өйткені олар күнә жасағандары күпірлікке шығарады. Алайда Құран мәтіні оларға қарсы Алла тағаланың: «Шындығында Алла өзіне серік қосқанды кешірмейді. Ал одан басқаларында қалаған пендесін кешіреді». Осылайша Аллаға серік қосу күнасынан басқа күналарды кешірілу мүмкіндігінің аясына кіргізді» дейді.

Ал әл-Айни болсақ, өзінің «Умдатул Қари» еңбегінде былай дейді: «Өз кезегінде екі бап арасындағы қатынас пен үйлесім айқын көрініс тапқан. Өйткені бірінші бапта аталғандай күйеуінің жасаған жақсылығын мойындамау ісі күналар қатарына жатады. Мұндағы сипаттама күнә жасаған мүміндер сол күналарымен тозақта мәңгі қалады деп айтатын рафидилер мен ибадиялар және кейбір хауариждерге қарсы жауап ретінде бағытталған. Құран Кәрім өз кезегінде бірқатар орындарда олардың сөздерін жалғанға шығарып, былай деп баяндады: «Шындығында Алла өзіне серік қосқанды кешірмейді. Ал одан басқаларында қалаған пендесін кешіреді».

Қарап отырсақ, екі ғалым да, өз кезегінде екі сипаттаманың арасын байланыстыратын түсінік – күналарға күпірлік деген атау берілсе де, ол күналар адамды діннен шығармайды. Осы арқылы әл-Бұхари күнә жасағандарды күпірлікке шығаратын кейбір мәзһабтарға қарсы жауап беруде дегенді баяндап жатыр [11, 111–112-бб.].

Сол секілді әл-Айни мен Ибн Хажардың еңбектерінде хадис рауиларына тәржәмә беру тұрғысынан да өзара бірқатар айырмашылықтар мен өзіндік ерекшеліктері байқалады. Өйткені екі ғалым да өз кезегінде тізбектегі кісілердің тәржәмасына аса мән берген. Алайда



олардың жазған шархтарына зер салған кезде, Ибн Хажардың хадис рауиларының тәржәмасын тым қатты қысқартатынын көруге болады. Көбінесе Ибн Хажардың тәржәмасы рауидың есіміне, тегіне, кейде қайтыс болған жылымен ғана шектеледі. Тіпті, кейде тәржәма бергеннен ешқандай пайда болмайтын рауиға мүлдем тәржәма жасамайды. Мәселен, тізбектегі рауи атақты имам басқа да қырынан танымал ғалым болса, ол рауидың тәржәмасын беру қажет болмайды. Ал егер бір рауи – әл-Бұхаридың рауиларының ішіндегі мін тағылған кісілердің бірі болса, оның тәржәмасына ұзағынан тоқталып, оған қатысты жарх және тағдил ілімі ғалымдарының сөздерін саралап өтеді. Өйткені бұл істе өте маңызды тағылым бар. Ол – Сахих әл-Бұхаридың тізбектерінің барлық мін мен сыннан таза екендігін баяндау. Ендеше ғалым осы мақсатты түсіндірмесінің басынан соңына дейін басты назарда ұстаған.

### Қорытынды

Ал енді екі ғалымның жазған түсіндірме еңбектерінің өзара ерекшеліктері мен айырмашылығын қорытындылап айтар болсақ, әл-Айни хадис тізбегіндегі рауилар атақты имамдар немесе пайғамбар сахабалары болса да, жалпы рауилардың тәржімелеріне ұзағынан әрі көп тоқталған. Бұл ретте ғалымның арнайы тақырып арнап, оны «хадис тізбегіндегі рауиларды баяндау» деп атағандығын көреміз. Аталған тақырыпта ол рауидың тәржәмасына қатысты барлық нәрсені, атап айтар болсақ, есімін, туылған уақытын, ұстаздарын, шәкірттерін, оған қатысты жарх және тағдил ілімі ғалымдарының сөздерін және қайтыс болған уақытын атап өтеді. Көбінесе ғалым кейбір рауилардың өмірбаянының тең жартысын баяндап өтеді. әл-Айни бұл ұстанымды көбінесе түсіндірменің алғашқы бөліктерінде ұстанып, ал соңғы бөліктерінде тәржімелерді қысқартып, көбінесе қысқаша жазады. Сол секілді Хафиз ибн Хажар иснадтағы рауилардың тәржімесіне қысқаша ғана тоқталып, нәтижеде тәржімелер тек рауилардың есімдерін атаумен шектеліп қалған. Сонымен қатар өте танымал болғандықтан, Хишам ибн Уруа және оның әкесі Уруа жайлы, сондай-ақ Айша анамыз жайлы сөз қозғамағандығын, сонымен қатар ныспылар мен олардың негіздеріне тоқталмағандығын көреміз. Ал енді әл-Айниге келсек, ол алдыңғы баптарда аталғандардан басқа әрбір рауиге кеңінен тәржіме жасаған. Содан кейін ныспылар мен олардың негізін егжей-тегжейлі баяндап өтеді. Осылайша әл-Айнидің өзінің кітабының алғашқы бөліктерінде тәржімелерді кеңінен баяндап, ал соңғы бөліктерінде оларды тым қатты қысқартқандығы байқалады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мухаммад ибн Абдурахман әс-Сахауи. Дау' әл-Ламиғ. – 1-том. – Бейрут: Дәр Мәктаба әл-Хаят, 1998. – 400 б. [араб тілінде]
2. Абу Мухасин. Манһал әс-Сафи. – Кайр: Хайәт әл-Мысрия әл-Ғаммат лил-Кутуб, 1991. – 453 б. [араб тілінде]
3. Бәдруддин әл-Айни. Умдату әл-Қари. – Кайр: «Дәрул-кутуб әл-мысрия», 2005. – 350 б. [араб тілінде]
4. Мухаммад ибн Абдурахман әс-Сахауи. Дау' әл-Ламиғ ли әһли әл-Қарни әт-тәсиғ. – 2-том. – Бейрут: Дәр Мәктаба әл-Хаят, 1998. – 300 б. [араб тілінде]
5. Ибн Хажар әл-Асқалани. Рафғ әл-иср ған қудат Миср. – Кайр: Мактабат әл-ханижи, 1988. – 455 б. [араб тілінде]
6. Ибн Хажар әл-Асқалани. Инба әл-ғумар биабнайл-ғумар. – 1 том. – Бейрут: Дәрул-кутуб әл-илмия, 1986. – 488 б. [араб тілінде]
7. Мухаммад ибн Абдурахман әс-Сахауи. Жауаһир уад-дурар. – 3 том. – Бейрут: Дәр Ибн Хазм, 1999. – 1404 б. [араб тілінде]

8. Абд әс-Саттар. Ибн Хажар әл-Асқалани әмир әл-муминун фил-хадис. – Бейрут: Дарул-қалам, 1996. – 639 б. [араб тілінде]
9. Ибн Хажар әл-Асқалани. Фатх әл-Бәри Шарх Сахих әл-Бұхари. – 1-том. – Риад: Дәр әс-Сәләм, 2000. – 781 б. [араб тілінде]
10. Бадруддин әл-Айни. Умдат әл-Қари Шарх Сахих әл-Бұхари. – 1-том. – Бейрут: Дәр иһиа әт-турас әл-араби, 2010. – 507 б. [араб тілінде]
11. Жадур-Рабб Әмин Абдул-Мажид. Бәйнәл-Имәмәйни әл-Айни уа Ибн Хажар дирасат муқарана ли-манһажайһима фи шарх Сахих әл-Бұхари. – Кайр: Дәр әл-Харамайн, 2007. – 569 б. [араб тілінде]

## REFERENCES

1. Muhammad ibn Abdurrahman as-Sahawi. Dau` al-Lamig [Brilliant light]. – 1-tom. – Beirut: Dar Maktaba al-Hayat, 1998. – 400 b. [in Arabian]
2. Abu Muhasin. Manhal as-Safi [Pure method]. – Cairo: Hayat al-Misriya al-Ghammat lil-Qutub, 1991. – 453 b. [in Arabian]
3. Badruddin al-Aini. Umdat al-Qari [Support of reader]. – Cairo: Dar al-Qutub al-Misriya, 2005. – 350 b. [in Arabian]
4. Muhammad ibn Abdurrahman as-Sahawi. Dau` al-Lamiq [Brilliant light]. – 2-tom. – Beirut: Dar Maktaba al-Hayat, 1998. – 300 b. [in Arabian]
5. Ibn Hajar al-Asqalani. Rafq al-isr gan qudat Misr [Lift the impact on the judges of Egypt]. – Cairo: Maktabat al-Hanji, 1988. – 455 b. [in Arabian]
6. Ibn Hajar al-Asqalani. Inba al-gumar biabnail-gumar [Immersion news]. – 1-tom. – Beirut: Dar al-Qutub al-Ilmiya, 1986. – 488 b. [in Arabian]
7. Muhammad ibn Abdurrahman as-Sahawi. Jawahir ua ad-durar [Gems and pearls]. – 3-tom. – Beirut: Dar Ibn Hazm, 1999. – 1404 b. [in Arabian]
8. Abd as-Sattar. Ibn Hajar al-Asqalani Amir al-Mu'minin fil-hadith [Ibn Hajar, Commander of the Hadith]. – Beirut: Darul-Qalam, 1996. – 639 b. [in Arabian]
9. Ibn Hajar al-Asqalani. Fath al-Bari Sharh Sahih al-Bukhari [Revelations of the creator]. 1-tom. – Riad: Dar as-Salam, 2000. – 781 b. [in Arabian]
10. Badruddin al-Aini. Umdat al-Qari [Support of reader]. 1-tom. – Beirut: Dar ihia at-turas al-arabi, 2010. – 507 b. [in Arabian]
11. Jadur-Rabb Amin Abdul-Majid. Baynal-Imamayni al-Aini wa Ibn Hajar dirasat muqarana li-manhajayahayhima fi sharh Sahih al-Bukhari [Comparative Studies between Al-Ayni and Ibn Hajar of Their Approaches in Explanation of Sahih Al-Bukhari]. – Cairo: Dar al-Haramain, 2007. – 569 b. [in Arabian]